

- Существуют и более краткие определения устойчивого развития:
- развитие, которое не возлагает дополнительные затраты на следующие поколения;
  - развитие, которое минимизирует внешние эффекты между поколениями;
  - развитие, которое обеспечивает постоянное простое и/или расширенное воспроизводство производственного потенциала на перспективу;
  - развитие, при котором человечеству необходимо жить только на процент с природного капитала, не затрагивая сам капитал.

Таким образом, наиболее важными аспектами понятия устойчивого развития являются экономический, экологический и социальный

Для оценки устойчивого развития применяют критерии:

- Уровень фактической занятости населения. Чем выше уровень социального и экономического благосостояния, тем выше должен быть уровень занятости населения;
- Индекс человеческого развития (ИЧР) включает ВВП на душу населения, образовательный уровень, состояние здоровья населения. ИЧР выступает в качестве индикатора социального благополучия общества. В мировой классификации Казахстан вошел в группу стран со средним уровнем развития человеческого потенциала;
- Монетарно – финансовый критерий.

Неотъемлемой частью концепции устойчивого развития является система индикаторов, разработанная Комиссией ООН по устойчивому развитию.

К числу индикаторов относятся уровень безработицы, коэффициенты миграции и рождаемости, ВВП на душу населения, доля промышленной добычи природных ресурсов в производстве готовой продукции, объем финансовых ресурсов, доля перераспределяемых финансовых ресурсов через финансовую систему, доля финансовых ресурсов, оставляемых распоряжении регионов.

На примерах имеющего опыта развитых стран, следует отметить, что программно-целевой метод управления позволяет осуществить эффективное соединение программных целей с путями их достижения, включая механизмы государственного и рыночного регулирования, что в свою очередь, как уже отмечалось выше, является слабым звеном в отечественных теоретических взглядах и практических подходах к использованию программно-целевого метода. Именно неполное соблюдение программных принципов, непоследовательная реализация методологии и технологии целевого управления приводит к дискредитации программно – целевого метода управления.

Список литературы:

1. Семенова Т.Ю. Программно-целевое управление инновационным развитием региона// Проблемы современной экономики.- 2012.- №3.
2. Грановский Э.И. Проблемы устойчивого развития г.Атырау и Атырауского региона: Аналитический обзор. – Алматы: КазгосИНТИ, 2013.- С. 15-17.
3. Интыкбаева С.Ж. Теоретические основы устойчивого развития/Вестникуниверситета «Туран». – 2012. - № 1-2. – С. 22-26.

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 25 ЖЫЛ: НӘТИЖЕСІ МЕН КЕЛЕШЕГІ**

Жұманқызы А.

Ғылыми жетекші: аға оқытушы Айтжанова Р.М.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

«Еліңнің ұлы болсаң, Еліңе жаның ашыса, азаматтық намысын болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан терінді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екенінді ұмытпа!»-деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, талай-талай қас батырлар жанын қиып, қорғап қалған, талай арулар махаббат құрбаны

болғаны, талай өзегі өртенген өкінішті жандар мен қуаныштан жүрегі жарыла шаттанған пенделердің куәгері болған қасиетті Отанымыз-Қазақстан! [1].

Тәуелсіздік-ең алдымен Қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік-қастерлі ұғым.

Қазақстан-тәуелсіз ел. Сол тәуелсіздік жолында қазақ бабам не көрмеді?! Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыста өтті. Әсіресе, XX ғасыр қазақ халқы үшін ауыр тиіп, қайғыға толы кезеңімен есте қалды.

«Өткенімізді ұмытсақ, болашақ бізді кешірмейді» деген ұлы даналық сөзі бар емеспа? Осы даналықтың әрдайым жанымызда сақталғанын қалаймын.

Өсер елдің қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,  
Лаула, лаула желтоқсанның мұзға жаққан алауы,  
Өздеріндей өр намысты жас өркені бар елдің,

Ешқашанда еңкеюге тиісті емес жалауы!- деп ақынымыз жырлағандай, желтоқсанның мұзға жаққан алауы, 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіздік таңын тудырды. Бұл күнді тарихи бір сәт десек те болады. Қазақ елі тарихында бұл күн ешқашан ұмытылмайтын, бақытты бағасымен, халқымыздың есінде мәңгілік қалары анық.

Еліміз тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет ретінде әлемге танылды. Елбасының «Қазақстанның тәуелсіздігі қазақтарға тартқан тағдырдың сыйы емес, өзінің ежелгі жерінде килы кезеңді бастан кешу арқылы қол жеткен өз мемлекеттілігін құруға деген заңды, бұл даусыз фактіге ешкім күмән келтірмеуі тиіс», -деп атап көрсетуіне үлкен мағына жатыр.

Тәуелсіздік-ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт-сананың мызғымас тірегі, күші, алтын дінгегі, халықтың бақ жұлдызы. Тәуелсіздік-арман! Жер бетінде қанша ұлт болса, сонша арман бар. Сол арманға қазақ халқы жетті.

«Қаз тұрып, қадам басқан тәуелсіздік сәбилік тұсауын өмірмен уақытқа кестірген кезден бастап, осынау жиырма бес жылдың бедерінде айшылық жерді алты рет аттаған алып секілді, дәуір жалынын мығым ұстап, тізгінін бекем қаға білді»-деп, елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай егемен Қазақстанды бүкіл әлем таныды.

Қазіргі Қазақтан әлем сахнасында мақтанарлықтай беделге ие. Жас мемлекетіміз осындай аз ғана уақыттың ішінде көптеген ірі экономикалық, саяси және әлеуметтік жетістіктерге қол жеткізді. Қазіргі кезде Қазақстан жас мемлекет бола тұра, көптеген елдерден әлде қайда алда. Еліміздің аяғынан нық тұруы, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуі және экономикамыздың жедел қарқынмен дамуы-қазіргі кездегі негізгі стратегиялық бағыттар болып табылады. [1,23б.]

Тәуелсіз Қазақстан! Тәуелсіздік! Яғни егеменді, дербес мемлекет. Бүгінгі күні осы тәуелсіздігімізді алғанымызға жиырма бес жыл уақытта зымырап келіп қалды. Ал осы уақыт тарих үшін қас-қағым-ақ. Қаншама ғасырларды алып құшақтаған тарих қойнауы талай үлкен мемлекеттердің тәуелсіздігін көрген. Солай бола тұрса да, біз үшін өзіміздің тәуелсіздігіміз қымбат. Неге десеңіз, мемлекетіміздің сөнген отын жаққаны үшін, ата-бабамыздың рухын көтергені үшін, елімізді әлемге танытқаны үшін, «қазақ» деген атауға жан кіргізгені үшін бізге қымбат. Кейде маған осыдан жиырма бес жыл бұрынғы қазақ елі қандай еді деген сұрақ маған маза бермейді. Әрине, бұдан жиырма бес жыл бұрынғы қазақ елі алдына мақсат қойды. Тәуелсіздікті алғаннан кейін халықтың басын біріктіріп, өз алдына ел қылуға тырысқан тұңғыш Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев болатын. Елбасының бастауымен қазақ елі әлемге танылды. Елім ерлігін көрсетті, елдігін танытты. Қазақ халқы тәуелсіздігін алып, егемендігіне қол жеткізгенде өз алдына ел бола алатынына күмәнмен қарағандар бар. Бірақ ар-намысты алға қойған Елбасымыз бен үкімет басында отырған елі үшін еңбек еткен ағаларымыздың аянбай еңбек етуі осы нұрлы күндерге жеткізді.

Жалпы біз үшін тәуелсіздік-азаттықтың алтын дінгегі, ұлттық өрлеудің ұлы күші. Тәуелсіз елдің қызы-өжет, ұлы-қайратты, халқы-қаһарман болуы керек.

Тәуелсіздік алып келген жетістік те, оң өзгерістерде мол. Тәуелсіздіктің ең басты жетістігі-еркіндік! Еліміздің еркін өміріндегі бүгінгі табыстарының бәрі де тәуелсіздіктің нәтижесі. Соның бірі-Астана. Аз уақыт ішінде көркейіп, түрленген, тәуелсіздігіміздің түлегі,

Отанымыздың жүрегі Астанамызда елдігіміздің жаңа беттерін ашқандай, тәуелсіздігімізді әйгілеп тұр. 2011 жылғы өткен Еуропа Қауіпсіздік Ұнтымақтастық Ұйымының саммитінің өтуі дүниежүзіне қазақ елін танытты. Қысқы Азияда ойындарының өтуі үлкен жеңіс болды. ЮНЕСКО көлемінде Абай, Махамбет, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтпаев тойлары әлемдік дәрежеде тойланды. Тарих құндылықтары да назардан тыс қалмады. Осы уақыт ішінде Түркістанның 1500 жылдығы, Тараздың 2000 жылдығы тойланған болатын. Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауымен Қазақстан көптеген халықаралық конференциялар мен жиындар өткізді. Мәселен, 2003, 2006 және 2009 жылдары Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының I, II, III съездері өткізілді. Бұл Қазақстанның жер байлығымен қоса, рухани байлығының дамуын көрсетеді. [1,316].

XX ғасырдың соңғы он жылдығында біз үшін аса маңызды оқиғалардың бірі-әлемнің ешбір елінде жоқ Қазақстан халқы Ассамблеясының дүниеге келуі. Бүгінгі таңда Ассамблея жай ғана емес, өміріміздің ажырамас бөлігіне, бірлігіміз бен тұрақтылығымыздың кепілініне айналды және әр этносқа өз тілін, дінін және салт-дәстүрін өркендетуге мүмкіндік беруінің өзі Қазақстанның болашағы зор ел екендігін таныта түсті. Жүздеген ұлттардың өкілдері бір-бірімен тату тәтті өмір сүріп, ынтымағы жарасқан елге айналуының бастау арнасында Елбасының елдікке негізделген саясаты жатыр. Бүгінгі Қазақстан-әлемдік аренадан өз орнын ойып алған, Азия мен Еуразияны мойындата білген өжет елдің мекені. Қазақ мемлекеті өзінің тәуелсіздігін алғаннан бері әлемдік қауымдастықтың біразына мүше болды, көптеген елдермен қарым-қатынас орнатты. Елдің абыройын, ұлан-байтақ жеріміздің тұтастығын қорғайтын құжаттар мен шарттарға қол қойылды [2].

Былтырғы жылы өткен Қазақ хандығының 550 жылдығы да еліміздің мәртебесін көтерді. Ең алдымен, бабаларымыз егемен еліміз тәуелсіздік алғанда еншімізде ұлан-байтақ жер қалды. Бірақ қазақ жері әлем бойынша тоғызыншы орын алғанымен даласы ешбір құжатқа рәсімделмей, ашық –шашық жатқан еді. Біз осы аса күрделі мәселені шешіп, Ресей мен Қытай бастаған көршілерімізбен арадағы жалпы ұзындығы 14 мың шақырымнан асатын шекарамызды халықаралық құжатпен рәсімдедік.

Екіншіден, ата-бабамыздан мұраға қалған, жылдар бойы халқымызға қасірет әкелеген ажал полигондары мен ядролық қаруларды елімізді де, жерімізді де азат етіп, әлемдік ядролық қарусыздану көшін бастадық.

Үшіншіден, біз іргемізді бекітіп, бірлігімізді бекемдегеннен соң әлемдегі ең дамыған елдердің тәжірибесін зерттеп, дамудың өзіміз жасаған жаңа моделі – «Қазақстандық жолды» ұсындық. Дамудың ең жарқын болашағын айқындаған «Қазақстан-2050» стратегиясын түздік. Осы құжаттың негізінде мақсатымыз рет-ретімен жүзеге асырып, қуатты да табысты мемлекетке айналдық. Соның нәтижесінде, экономикамыз аз ғана уақытта ешқашан, ешкімде болмаған қарқынмен алға жылжыды.

Төртіншіден, бабалар мирас еткен жеріміз қаншалықты кең болсада, мұхитқа шығатын жол болған емес. Тәуелсіздік жылдары біз жалпы ұзындығы 2500 шақырымдық темір жол салып, еліміздің барлық облыстарын бір-бірімен жалғастырдық.

Бесіншіден, қазақты өзге ұлттан даралайтын-оның тілімен мәдениеті, руханияты. Еліміз егемендігін алғаннан кейін жағдайдың қиындығына қарамастан тағдырдың жазуымен дүниенің төрт бұрышына тарыдай шашылып кеткен миллионнан астам қандастарымызды атамекенге қайтарып алып келдік. Азаттықтың алғашқы жылдарында «Болашақ» бағдарламасына әзірлеп, он мыңнан астам талантты жастарды шетелдердің ең беделді университеттерінде оқыттық. Қазір «Болашақ» түлектері ел басқару ісіне араласып, қызмет істеуде. Республикамыздың әрбір өңірінде дүние жүзіндегі ең биік талаптарға сай «Зияткерлік мектептерді» аштық.

Жас ұрпақтың жаны сұлу, дені сау болуымен қатар күш-қайраты мол болуы үшін зәулім спорт сарайларын тұрғызып, қысқы Азияда ойындарын зор табыспен өткіздік. Лондон олимпиадасында ұлы жеңіске ие болдық, отандық спортшылар жарқын жетістіктермен ел мерейін өсірді [2,186].

Елбасы Н.Назарбаев айтқандай «Қазақстанның бүгіні мен болашағы-халқымыздың ынтымақ-бірлігінде, ырыс-құтты тірлігінде». Сол бірліктің арқасында еліміз экономикалық даму мен әлеуметтік жаңару, жаңғырудың даңғыл жолына түсті. Ендігі мақсат бәсекеге қабілетті еу елдің қатарынан берік орын алып, әлемдегі үздік отыздықтың қатарына кіруді басты стратегиялық мақсат етіп қойдық. Алда Астанада өтетін әлемдегі ғылым мен техниканың, өнеркәсіптің, жаңалық атаулының жетістіктерін насихаттайтын ЕХРО-2017 көрмесін өткізу міндеті тұр. Қазір адамзат қоғамы жаңа индустриялық революцияның қарсаңында тұр. Оған Қазақстанның экономикасы мен өнеркәсібі дайын болуы үшін біз «Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын» әзірлеп, жүзеге асырудамыз. Дүниежүзілік сауда ұйымына кірдік.

«Егемен болмай ел болмас» дегендей, біз азаттық жылдарында шын мәнінде ұлы жолдан өттік. Тәуелсіздік кезеңі-біз үшін ғасырлар жүгін арқалаған ғаламат кезең. Кезінде Керей мен Жәнібекке ілесіп шыққан халықтың ұзын саны 200 мың шамасында екен. Бүгінгі күні сол қазақтың қатары жер жүзінде 15 миллионнан астам болып отыр. Ал, егер қазақ өткен ғасырдың ашаршылығына ұшырамаса, өткен соғыста қырылмаса қанша болар еді? [3].

Бәріміздің киелі атамекеніміз бар, ол-қазақтың Ұлы Даласы. Сол далада бабалардың ізгі аманатын орындау жолында біз құрған қасиетті Отанымыз бар. Ол-Тәуелсіз Қазақстан. Тәуелсіздік-біздің маңдайға басқан бағымыз, мәңгі сақтауға тиіс аманатымыз. Қасиетті Отанымызда қандай қиындықты да қайыспай қарсы алуға лайық өршіл рухты, азат ойлы, жасампаз халық бар. Ол-ержүрек қазақ халқы. Сол қаһарман халықтың алға қойған ізгі мұраты бар. Ол-Ұлы Дала төсінде өзі құрған мемлекетті Мәңгілік Ел жасау! Тәуелсіз Қазақстанымыз Мәңгілік Елге айналсын!

#### Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Халқына Жолдауынан. 17 қаңтар. 2014 жыл // Егемен Қазақстан. 18.01.2014 ж. 15-38б.
2. Назарбаев Н.А. Тарих тағылымдары және қазіргі заман. –Алматы., 1997ж. 69-78б.
3. Ұлттық тарихты зерделеу туралы. – Алматы: «Литера - М» ЖШС, 2013. – 320 б.

#### **ҰЛТ КӨШБАСШЫСЫ-Н.Ә.НАЗАРБАЕВ**

Исқакова А., ФҚТ-11 топ студенті

Ғылыми жетекші: т.ғ.к., доцент Сайлаубаева Н.Е

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті

Бағзы заманнан көшпелі ғұмыр кешкен қазақ халқы бүгінде толығымен қалыптасып, өркендеп, дамудың даңғыл жолына түсіп, мемлекет мәртебесін алып, дамыған елдермен терезесі тең тұрарлықтай дәрежеге жетті. Қазақ елі биыл өз тәуелсіздігінің ширек ғасырын тойлатып, торқалы той өткізбекші. Осы тәуелсіздік жолында қандай жетістіктерге жеттік? Елбасының ерен ерлігі мен сындарлы саясаты қандай нәтиже берді? Осы мәселелер жөнінде сөз қозғасам.

25 жыл адам өмірімен есептегенде де, тарихи тұрғыдан алып қарағанда да көп уақыт емес. Бірақ осы бір қысқа мерзімге қарамастан, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы экономикалық-әлеуметтік және саяси қиыншылықтарды еңсере білген - Қазақ елі әлем мойындаған мемлекеттер қатарына қосылды. Еліміздің саяси өмірі жаңартылып, түбегейлі өзгерістер жасалды. Мемлекеттіліктің барлық институттары құрылып, экономикамыз нарықтық жолға түсті. Халықтың әл-ауқаты жаңа деңгейге көтерілді, әлеуметтік салада жаңа асулар бағындырылды. Мемлекеттік шекарамыз айқындалып, елдің тұтастығы, жердің бүтіндігі қамтамасыз етілді. Елбасының көрегендігі мен ерік-жігерінің нәтижесінде Қазақстан әлемде тұңғыш рет ядролық қарудан бас тартып, Семей сынақ полигонын жабуы бүкіл дүниежүзінің назарын өзіне еріксіз аударды. Осы бір батыл қадамның нәтижесінде мемлекетіміздің қауіпсіздігіне әлемнің іргелі мемлекеттері кепілдік берді.